

Ақтобе қаласы

«05» қыркүйек 2022 жыл

Білім беру мекемесінде жемқорлық әрекет пен заңсыз ақша жинауды болдырмау туралы

ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы Заңының 63 және 64 баптарының және ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес, Ақтобе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 21 қыркүйектегі №257 бұйрығының негізінде білім беру ұйымдарында заңсыз қаражат жинау фактілерінің алдын алу және «Білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы» №274 бұйрығы негізінде

### БҰЙЫРАМЫН:

1. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және ҚР Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы негізге ала отырып, мектеп ұстаздарының, оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыруы және 1-11-класс жетекшілеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
2. «Г.Ақтаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы» КММ бойынша заңсыз ақша қаражаттарын жинауға тыйым салынсын.
- 2.1. Заңсыз ақша қаражаттарын жинауды болдырмау туралы мұғалімдер мен ата-аналар арасында алдын алу жұмыстары күшейтілсін;
- 2.2. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген айғақтардың алды алуы бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылданын;
3. «Сенім» телефоны мен «Сенім» жәшігі жұмыстарын жалғастыру мектеп психологы А.Канжагуловаға жүктелсін;
4. Білім беру мекемесінде педагогикалық ұжым, ата-аналар қауымдастығы және оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетті ұйымдастыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын құру және жүзеге асыру «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі тарих пәнін мұғалімі, қосымша білі беру педагогы М.Амангельдинге бекітілсін;
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.З.Матаеваға, Г.Т.Жүсіпке міндеттелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназиясы директоры



Ж.О.Романова